ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2024 жылғы 25 маусым №2301-24-00-2/1438 іс Атырау қаласы

Атырау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья О.Ш.Даурешова
сот отырысының хатшысы С.К.Сапарбаеваның қатысуымен,
ашық сот отырысында қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Атырау облысы мәдениет және тілдерді дамыту басқармасының Нұрмұхан Жантөрин атындағы облыстық филармония» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
Жеке кәсіпкер «Айдана Аманбековна Аманбекова»

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
Талап қоюшының өкілі А.Н.Мендигалиева

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

2024 жылғы 05 сәуірде мемлекеттік сатып алу туралы №22 келісім-шарт жасақталған (бұдан әрі – Шарт).

Шарттың ажырамас бөлігі 1-қосымшасына сәйкес жауапкер талап қоюшыға 3 дана жарықдиодты панель тауарын жеткізуге міндеттенген.

Шарттың сомасы – 9 000 теңге, орындау мерзімі – Шартқа қол қойған күннен бастап 15 күнтізбелік күн ішінде, яғни 2024 жылғы 20 сәуірге дейін.

Күні бүгінге дейін шарт бойынша алынған міндеттемелер орындалмай, тауар жеткізілмеген.

Шарт 2024 жылғы 15 мамырда бір жақты бұзылған.

Талап қоюшы сотқа талабын жолдап, шарттың талаптары мүлдем орындалмағанын, оны мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тануды сұрады.

Талап қою арызға қарсы пікір ұсынылмады.

Сот отырысында жауапкер қатыспады. Сот отырысының уақыты мен орны туралы тиісті түрде хабарланған, алайда сотқа қатыспай және істі өзінің қатысуынсыз қарауды сұрамаған.

Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің (бұдан әрі - АПК) 196-бабының 4-бөлігі негізінде азаматтық іс жауапкердің қатысуынсыз қаралды.

УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің (бұдан әрі – АК) 386-бабының талабына сай шарт оны жасасқан кезден бастап күшіне енеді және тараптар үшін міндетті болып табылады.

Ал, АК-нің 272-бабының талабына сәйкес: міндеттеме-міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуға тиіс, ал мұндай шарттар мен талаптар болмаған жағдайда-іскерлік қызмет өрісіндегі әдеттегі құқықтарға немесе әдетте қойылатын өзге де талаптарға сәйкес орындалуға тиіс.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сатып алу туралы Заңының (келесіде – Заң) 12-бабының 4-тармағының 3) тармақшасына сай, мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісінше орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді. Осы тармақтың бірінші бөлігінің 1) және 3) тармақшаларында көрсетілген жағдайларда, тапсырыс беруші өзіне өнім берушінің Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын бұзу фактісі туралы белгілі болған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей, осындай әлеуетті өнім берушіні немесе өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап арызбен сотқа жүгінуге міндетті.

Сотта анықталғандай, 2024 жылғы 05 сәуірде мемлекеттік сатып алудың қорытындылары негізінде талап қоюшы мен жауапкер арасында мемлекеттік сатып алу туралы №22 келісім-шарт жасақталған. 1-қосымшасына сәйкес жауапкер талап қоюшыға 3 дана жарықдиодты панель тауарын жеткізуге міндеттенген. Орындау мерзімі – Шартқа қол қойған күннен бастап 15 күнтізбелік күн ішінде, яғни 2024 жылғы 20 сәуірге дейін.

Талап қоюшы сот отырысында жауапкер тарапынан шарттың міндеттемелері шартта көрсетілген мерзімде орындалмай, нәтижесінде талап қоюшы үшін жағымсыз салдар пайда болғанын, жарықдиодты панельдер жеткізілмегенін көрсетті.

Бұл жағдайда, талап қоюшының жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талабы сотпен негізді деп танылады.

АПК-тің 117-бабына сәйкес жауапкерден мемлекет кірісіне 1 846 теңге мемлекеттік баж өндірілуге жатады.

Құжатқа қол қойылған: Даурешова О. Ш., 02.07.2024

Заңды күшіне енген күні: 05.08.2024, сулья Саулабаев А. Б., 08.08.2024

2301-24-3-1/1506

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226-баптарын басшылыққа алып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

«Атырау облысы мәдениет және тілдерді дамыту басқармасының Нұрмұхан Жантөрин атындағы облыстық филармония» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының жауапкер жеке кәсіпкер «Айдана Аманбековна Аманбекованы» мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талабы қанағаттандырылсын.

Жеке кәсіпкер «Айдана Аманбековна Аманбекова» мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жеке кәсіпкер «Айдана Аманбековна Аманбекова»-дан мемлекет кірісіне 1 846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Шешімге Атырау облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым, прокурордың өтінішхаты Атырау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 403, 404-баптарының талаптарын сақтай отырып, шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап берілуі, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде беруі мүмкін.

Судья О.Ш.Даурешова

Құжатқа қол қойылған: Даурешова О. Ш., 02.07.2024

Заңды күшіне енген күні: 05.08.2024 судья Саудабаев А. Б. 08.08.2024

Судопроизводство

АТЫРАУ ОБЛЫСЫНЫҢ
МАМАНДАНДЫРЫЛҒАН АУДАНАРАЛЫҚ
ЭКОНОМИКАЛЫҚ СОТЫ

СПЕЦИАЛИЗИРОВАННЫЙ
МЕЖРАЙОННЫЙ ЭКОНОМИЧЕСКИЙ
СУД АТЫРАУСКОЙ ОБЛАСТИ

060000, Қазақстан Республикасы, Атырау облысы, Атырау қаласы, Сәтпаев даңғылы, 3, тел: +7 (7122) 21-57-97;
факс: +7 (7122) 21-57-97 ; email: 060202@sud.kz

060000, Республика Казахстан, Атырауская область, город Атырау, улица Сатпаева, 3А, тел: +7 (7122) 21-57-97;
факс: +7 (7122) 21-57-97 ; email: 060202@sud.kz

08.08.2024 № 2301-24-5-21/11610

«Атырау облысы мәдениет және тілдерді дамыту басқармасының Нұрмұхан Жантөрин атындағы облыстық филармония» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнына

/сот кабинеті/

Атырау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты Сізге, талап қоюшы «Атырау облысы мәдениет және тілдерді дамыту басқармасының Нұрмұхан Жантөрин атындағы облыстық филармония» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының жауапкер жеке кәсіпкер «Айдана Аманбековна Аманбекованы» мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы 2024 жылғы 25 маусымы шыққан шешімді орындау үшін жолдайды.

Қосымша: шешім көшірмесі - 1 дана.

Сот төрағасы **А.Б. Саудабаев**

Орынд.: Құбашева А. М.
тел.: -, *712-2472@sud.kz*

Құжатты жасаған: КУБАШЕВА А. М., -, 712-2472@sud.kz
Құжатқа қол қойылған: САУДАБАЕВ А. Б., 08.08.2024 17:57

КР Жоғарғы соты. Тәрелік АЖ. ЭСК тексеру нәтижесі он

2301-24-5-21/11610 08.08.2024